

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Куркимбаева Айжан Муратовнаның
«Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде)» атты диссертациясына

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Аталмыш зерттеу жұмысы гуманитарлық ғылымның бірнеше аспектісін қамтитын күрделі тақырыпқа арналып, филология, аударматану, салыстырмалы-салғастырмалы тіл біліміндегі заманауи тілдік мәселелерді шешетін түйінді, әрі маңызды зерттеу болып табылады. А.М. Куркимбаеваның диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы қазіргі әлемдік және отандық филологияда өзекті болып саналады. Зерттеу жұмысы ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде туристік блогингта қолданылатын коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды зерделеуге арналған. Автор дискурстың заманауи түрлерінің бірі туристік блог-дискурсті танымал туристік блогерлер материалдары негізінде терең және жан-жақты қарастырған. Зерттеу жұмысында қолданылған коммуникативтік стратегиялар мен коммуникативтік тактикалар туристік блог-дискурс адресаттарын иландыру мақсатында қолдану тиімділігі жоғары тілдік құралдар ретінде қарастырылған. Осы тұрғыдан алғанда, Куркимбаева Айжан Муратовнаның «Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы заман талабына және қазіргі кезең сұранысына сай ғылыми еңбек деуге болады. Ізденуші туристік блогингті коммуникативтік прагматикалық тұрғынан қарастырып, туристік блогта жарияланатын пост-мәтіндердің негізгі функциясын – адресаттарды ақпараттандыру, бағалаушылық қызмет, ынталандыру және персуазивтілік қырынан зерделеген. Туристік блог-дискурсты кешенді зерттеу, әрине, өзекті, туристік тақырып бойынша медиамәгін – посттар ағылшын және қазақ тіліндегі туристік блог-дискурсты құрылымдаудағы негізгі дискурсивті және лингвокогнитивті айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін салыстырмалы аспектіде қарастыру ерекше қызықты болып табылады.

Сандық қоғам өмірдің барлық салаларында білім мен ақпарат рөлінің басым болуымен ерекшеленетін өркениет дамуының қазіргі кезеңі болып табылады. Бұл ақпараттық технологиялардың халық өміріне, сондай-ақ, мемлекет, кәсіпкерлік пен қоғамның өзара қатынасына ықпал етуімен тығыз байланысты. Сандық дағдылар экономиканың барлық секторларының өсуі жолындағы негіз бола отырып, бәсекеге қабілеттілік пен өнімділікті

арттыруға мүмкіндік береді. "Сандық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын, оның ішінде Сандық Қазақстан: Креативті қоғам қалыптастыру бағдарын ескеретін болсақ, интернет-кеңістіктің коммуникативтік аймағы болып табылатын туристік блогосфера контентінде қолданылатын лингвистикалық және экстралингвистикалық құралдарды зерделеп, ағылшын және қазақ тілді туристік блогингтің кешенді коммуникативтік сипатын зерттеу диссертациялық жұмыстың өзектігін арттыра түседі.

2. Алынған ғылыми нәтижелері.

А.М. Куркимбаеваның диссертациясын теориялық және тәжірибелік құндылығы бар, дербес орындалған ғылыми зерттеу деп танымыз. Ізденуші қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін анықтап, зерттеуді жұмыстың алға қойған мақсаты мен міндеттеріне орай жүргізуінің барысында төмендегі ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

– Бүгінгі қоғамда блогинг адресанттардың коммуникативтік ингенциясына байланысты түрлі қызмет түрін жылжытатын маркетингтік стратегияларды жүзеге асыратын алаңға айналуына орай интернет коммуникацияның гипержанры ретінде анықталып, диссертант тарапынан, туристік блогинг медиа, жарнама, PR, туристік және маркетингтік дискурс тоғысуында пайда болған гибридті дискурс түрі болып табылатындығы анықталады.

– Туристік блог-дискурс – бүгінгі күні адресанттардың коммуникативтік ниетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін коммуникативті-дискурсивті және маркетингтік алаң екендігі анықталды. Осыған орай, адресанттар болашақ туристер мен саяхатшыларға тиімді ықпал етіп, туристік өнімді нарықта ілгерілету мақсатында алуан түрлі иландыру және әсер ету тәсілдеріне жүгінетіндігі расталды. Коммуникативтік стратегиялардың туризм саласындағы тиімділігі тілдік құралдардың рәсімделуіне тікелей байланысты болатыны дәлелденді. Ізденуші тарапынан, туристік блогинг классификациясына толықтырулар ұсынылды.

– Зерттеу барысында докторант тарапынан, туристік дестинацияның салт-дәстүріне құрмет, персуазивті сипаттағы тақырыпаттарға апелляция, кеңеске жүгіну, діни туризм сегменті бойынша сакралдылыққа жүгіну, діни іс-шараларға апелляция, спорттық туризм бойынша спорттық іс-шараларға апелляция тактикалары ұсынылып, талданды. Туристік қызметті нарықта ілгерілету стратегиялары адресанттың мотивтері мен қажеттіліктеріне негізделетіні анықталды.

– Зерттеу барысында ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде туристік блог-дискурс мысалында алғаш рет осы мәдениеттерге тән негізгі коммуникативті стратегиялар мен коммуникативті тактикалар сипатталып және мәдениетаралық коммуникация шеңберінде оларға тән мәдени сәйкестіктер мен сәйкессіздіктер анықталды. Докторант туристік блог-дискурстың мақсатты ерекшелігіне қарай топтасуын да зерттеу кезінде

талдаған. VIP туристік дискурс пен бюджеттік туристік дискурс және тақырыптық бағыт бойынша діни туризм және спорт туризмін жүзеге асыратын коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың вербалды, бейвербалды тәсілдері докторант тарапынан нақты зерделенген.

3. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының жаңашылдығы.

Бірінші нәтиже жаңа болып табылады. Дискурстың осы түрін сипаттайтын негізгі ережелерге сәйкес келетін медиа, жарнама, PR, туристік және маркетингтік дискурстың қиылысында пайда болған дискурстың гибриді түріне қатысты «блог», «блог-дискурсы», «туристік блог дискурсы» және «пост-мәтін» ұғымдарының анықтамасы берілді.

Екінші нәтиже жаңа болып табылады. Медиаблогтың жанрлық және функционалды-семантикалық белгілері анықталды. Медиаблогтар келесі параметрлермен: жанрлық безендіру, медиа параметр, мультимедиа, гипермәтіндік, интертекстуалдылық, дискурсивті параметрлер, полифониялық, лингвостилистикалық параметрлері бойынша сипатталып, фонетикалық-графикалық, лексикалық, синтаксистік және стилистикалық құралдардың жиынтығы анықталды. Аталмыш құралдар адресаттарды туристік өнімді тұтынуға бағыттайтын иландыруға қажетті ықпалын жасайды. Ағылшын тіліндегі туристік блог-дискурсының коммуникативті әсері эмоционалды-экспрессивті, бағалауыш лексикалық бірліктерді қолдану арқылы жасалатындығы дәлелденді.

Үшінші нәтиже жаңа болып табылады. Блогты жіктеудің дифференциалды белгілері анықталды. Лингвист – ғалымдар ұсынған блог классификациялары талданып, нәтижесінде докторант туристік блогингтің классификациясына толықтырулар ұсынды.

Төртінші нәтижежартылай жаңа болып табылады. Диссертациялық жұмыста «коммуникативті стратегия» және «коммуникативті тактика» ұғымдары жан-жақты талданып, коммуникативтік стратегия – кең мағынада жалпы жағдайды түсіну және қарым-қатынас мақсатына қол жеткізу мүддесінде ықпал етуді ұйымдастыру үрдісі ретінде анықталып, докторант коммуникативтік тактиканы «нақты коммуникативтік қадамдар жиынтығы» деген анықтама ұсынды.

Бесінші нәтиже жаңа болып табылды. Ағылшын және қазақ тіліндегі туристік блог – дискурстағы басты коммуникативтік стратегия, позитивті коммуникативтік стратегия мен құндылықтарға бағытталған коммуникативтік стратегия болып табылатыны анықталды. Диссертациялық жұмыста позитивті коммуникативтік стратегия тоғыз коммуникативті тактика негізінде талданды. Коммуникативтік стратегияның негізгі компоненттері коммуникативтік мақсатқа жету үшін адресант жоспарлаған когнитивті үрдіс ретінде анықталды.

Алтыншы нәтиже жаңа болып табылды. Туристік блог-дискурстың мақсатты ерекшелігі анықталды. Докторант VIP туризм және бюджеттік туризмнің коммуникативтік стратегиялары мен тактикаларын «мәртебеге сүйену» және «персуазивті коммуникативтік стратегия» аясында талдап,

сондай-ақ, тақырыптық бағыт бойынша діни және спорттық туризмге талдау жүргізіліп, қарастырылып отырған коммуникативті стратегияларды жүзеге асыратын лингвистикалық және экстралингвистикалық тәсілдер жан-жақты зерделенген. Аталмыш коммуникативтік стратегияны жүзеге асыратын вербалды және бейвербалды элементтер жан-жақты қарастырылып, «glamour», «magic», «paradise» семантикалық түсініктері мен гиперболалар негізінде зерттеуге мүмкіндік берген. Зерттеуші тарапынан коммуникативтік тактикалардың 6 түрі ұсынылды.

4. Диссертациялық зерттеудің ішкі бірлігі.

А.М. Куркимбаеваның диссертациясы бастапқы қойылған мақсатқа сәйкес орындалды, зерттеу міндеттеріне сәйкес келеді. Ғылыми нәтижелер мәлімделген зерттеу мақсатын шешуге қызмет етеді. Ғылыми жұмысты жазу, талдау, түсіндіру стилінен ізденушінің тақырыптың ғылыми маңызын жете аңғарып, зерттеудің жолдарын меңгергені байқалады. Диссертацияның құрылымы зерттеудің мақсаттары және міндеттеріне сәйкес келеді. Жұмыс кіріспе, 3 бөлім және әр бөлім бойынша үш тақырыпшадан, әр бөлім бойынша тұжырымнан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

5. Ғылыми нәтижелердің практикалық құндылығы.

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы оның туристік блогинг коммуникациясының стратегиялық тұрғыдан сөйлеу көзқарасын дамытуға бағытталуымен байланысты. Зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелер ағылшын және қазақ тіліндегі туристік блог-дискурстың табиғатын одан әрі зерттеуге ықпал етеді.

Жұмыстың нәтижелері магистранттар мен докторанттардың «Коммуникативтік лингвистика», «Дискурс талдау», «Прагмалингвистика» сияқты ғылыми курстар мен семинарлар жүргізуде, сондай-ақ филологтар, журналистер, маркетинггерлер, жарнама және қоғаммен байланыс мамандықтары студенттерінің «Арнайы мамандандырылған шетел тілі» сабақтарында, студенттердің дипломдық жұмыстарын жазу барысында және сонымен қатар трэвел блоггингты одан әрі зерттеу жұмыстарына негіз ретінде қолдануға болады.

6. Академиялық адалдық принциптеріне сәйкестігі.

А.М. Куркимбаева диссертациялық жұмысында академиялық адалдық қағидасын толықтай ұстанған. Ізденуші авторлық құқық нормаларын сақтаған және зерттеу жұмысында 154 дереккөзді және ағылшын туристік блог пост-мәтіндері мен қазақ туристік блог пост-мәтіндерін пайдаланған. Әдебиеттерге, авторларға және олардың түйінді сөздеріне сілтеме беріп отырылған. Зерттеу жұмысы аясында жарық көрген өзінің ғылыми мақалаларына да арнайы сілтеме жасаған.

7. Диссертацияның негізгі ережелері, нәтижелері және қорытындыларының толық жариялануына растама.

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларында 18 ғылыми мақала

жарияланған. Scopus мәліметтер базасына енгізілген 85 % процентилді 2 мақала XLinguae және Media Watch журналдарында, халықаралық конференцияларда 7 мақала, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен басылымдарда 7 мақала, ҚазХҚЖӨТУ Хабаршысында 1 мақала және ҚазҰКПУ-нің Хабаршысында 1 мақала жарияланды.

8. Диссертацияға берілген ескертпелер, ұсыныстар.

Диссертация мазмұны мен рәсімделуі талапқа сай жазылған. Зерттеу жұмысының ғылыми тілі түсінікті, талдауы жан-жақты. Диссертациядағы ғылыми және практикалық салаларына қосатын үлесінің маңызды екендігіне тағы да бір мәрте назар аударта отырып, ізденуші болашақта төмендегідей мәселелерге назар аударғаны дұрыс деп есептейміз:

1) Диссертациялық жұмыста VIP туристік дискурсы «glamour» концептісі аясында насихатталатыны және оның мәні бірнеше тілдік маркерлер арқылы ашылатындығы көрсетілген. Сол тілдік маркерлер нақты сөйлемдер негізінде ұсынылғанда құнды болар еді (142 бет).

2) Болашақта ағылшын тілді трэвел блогерлердің жазбалары мен ағылшын тілінде жарияланған қазақстандық трэвел блогерлердің жазбаларындағы коммуникативтік стратегияларды жүзеге асырушы тілдік құралдарды зерделеп қарастырса, қызықты еңбек келері сөзсіз.

Алайда жоғарыда аталған ұсыныстар мен ескертпелер ізденушінің зерттеу жұмысындағы нәтижелерін, диссертацияның ғылыми-теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкестігі.

Диссертация жоғары теориялық деңгейде жазылған және қолданбалы сипатқа ие. Жұмыстың ішкі бірлігі бар және ғылыми жаңалығы жинақталған. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесі» талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Куркимбаева Айжан Муратовнаның «Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар(ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде)» атты диссертациясы «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

Ресми рецензент:

филология ғылымдарының кандидаты
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау
университеті
филология және педагогика
факультетінің деканы



А.Е.Исмагулова

Тел: +7 705 516 18 38
email: ismainagul@mail.ru

